

Шеңеліні негізгі орта мектебі



Бекітемін: *А. А.*
«Шеңеліні негізгі орта мектебі»
КММ директоры: А. А. И. Б.

Келісемін: *Р. А.*
МДОБЖО Абниева Г.К.
«04» 09 2023 ж



Мағалжар ауданының білім
бөлімінің әдіскері:
Нұрмағанбетова
2023 ж

Таңдаулы курс бағдарламасы
Тақырыбы: «Тіл ұстарту»

Орындаған: МАД тәрбиешісі Наубетова А.К.

2023-2024 оқу жылы

Тіл ұстарту

Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған қосымша тіл ұстарту жаттығулары

"Тіл ұстарту"

Мен : Наубетова Алина

Білімім: Жоғары

Бітірген оқу орным: Бәйішев атындағы университет

Мамандығым: Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту

Жалпы еңбек өтілім: 6 жыл

Санатым: педагог-модератор

Педагогикалық ұстанымым: "Бала жүрегі- кішкентай күйсандық, ол күйсандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында осы кілт үнемі жүруі керек" М.Шаханов.

Мақсатым: Мектеп жасына дейінгі алдыма келген кішкентай балапанды заманауи ұрпақ қатарына қосылуына ықпал ету. Қазіргі заман талабына сай кез келген бала еркін өсуі керек, себебі бала өз үнін естірте және оны ести алатын маман болуымыз керек. Қазіргі кезде балаға берілетін білімде креативті түрде болмаса олар бір ағынды оқыту жүйесіне онша қызыға бермейді. Сондықтан түрлендіріп отыру басты мақсатымыз.

Алдымен ең бірінші мектеп табалдырығынан бастап баланың тәрбиесіне көңіл бөлуіміз керек. Бұл орайда әрине ата-ананың көмегі керек, тығыз байланыста болуымыз керек. Содан соң баланың тілін, яғни өзіміздің ұлттық тілімізде таза, анық сойлетуіміз керек. Сондықтан бала тілін жатық түрде дамыту үшін қосымша тіл ұстарту жаттығулары көп көмек бере алады деп ойлаймын. Қысқаша өлеңдер, қызықты өтірік өлең жолдары, жаңылтпаштар, ертегілер бала тілінің дамуына үлес қоса ала

Түсінік хат

Баланың тілінің дамуына үлес қосады деген мақсатта «Тіл ұстарту» тақырыбында вариативтік бөлім алдым. Бұл орайда сөздік қорының дамуына, тілінің жақсы жетілуіне көмегі мол деп ойлаймын. Баланың тілін дамыту қоғам дамыған сайын қажеттілікке айнала беретін өзекті мәселелердің бірі, сондықтан алдын алу мақсатында балаға шағын тақпақтар, өлеңдер жаттатып, шағын ертегілерді өз ойларымен айтқызып машықтандыру біздің міндетіміз. Қазіргі заманауи ұрпақты өз ана тілімізде таза, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру қажет.

Мақсаты: 1. Бағдарламаның көздеген мақсатына жету үшін өз бетінше іздену әрекеттерін қалыптастыру;

2. Жыл мезгілдеріне, табиғатқа, жануарларға арналған өтірік өлеңдерді, шағын тақпақтарды мәнерлеп айтқызу;

3. Жаттату арқылы баланың тілдік қорын дамыту, дыбыстарды анық, ашық айтуға дағдыландыру.

Міндеттері: -Өтірік өлеңдерді тыңдай отырып, эмоциялық көңіл-күйін анықтау;

-Шағын өлең жолдарының тәрбиелік мәніне шолу;

-Балалардың тілін дамытуда шағын әңгіме, ертегілерді тыңдау арқылы есте сақтауына ықпал жасау.

Өзектілігі: Мектепалды даярлық сыныптарда тіл ұстарту сауат ашу, сөйлеуді дамыту оқу қызметтері арқылы жүзеге асады. Тіл ұстарту арқылы баланы сөйлеуге, дыбыстарды анық айтуға, өз бетімен әңгімелей білуге дағдыландырады.

Күтілетін нәтиже: - Шағын өлең жолдарын мәнерлеп, жатқа айта алады;

Жас ерекшеліктеріне орай құрылған әңгімелерді өз бетімен әңгімелей алады;

Дыбыстарды, сөздерді анық айта алады.

ТАҚЫРЫПТЫҚ-КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР
МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП
«ТІЛ ҮСТARTY»

Барлық сағат саны: 33 сағат, аптасына 1 сағат

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағат саны
1	Өтірік өлең «Құрбақа»	Балаларға өтірік өлең жолдарын жаттату арқылы жақсы көңіл-күй сыйлау, дыбыстарды анық айтуға үйрету.	1 сағат
2	Өтірік өлең «Тышқан»	Құрастырылған өтірік өлең жолдары арқылы тышқанның іс-әрекетін әңгімелеу, өлең жолдарын жаттап алуға бейімдеу.	1 сағат
3	Ертегі-өлең «Әжейге көмек»	Ертегі-өлең арқылы үлкендерді сыйлауға тәрбиелеу, қайталау сұрақтары арқылы ертегіні есте сақтауға дағдыландыру.	1 сағат
4	«Астана» (такпак)	Мемлекетімізге деген құрмет сезімін ояту, такпакты анық, мәнерлеп айтуға жаттықтыру.	1 сағат
5	«Есік» (ертегі)	Ертегі желісіне қарай баланы достыққа, достықты құрметтеуге шақыру, ертегі мазмұнын түсінуге ықпал жасау.	1 сағат
6	«Президент болсам егерде» (такпак)	Өлең жолдары арқылы баланың өз үнін естірте білуге үйрету, мәнерлеп, анық айтуға дағдыландыру.	1 сағат
7	«Анаға» (такпак)	Баланың анаға деген махаббатын ояту, сыйлауға тәрбиелеу. Жатқа айтуға талпындыру.	1 сағат
8	«Есек» (өтірік өлең)	Өтірік өлең арқылы есектің іс-әрекетін әңгімелеу, дыбыстарды анық айтуын қадағалау.	1 сағат
9	«Арыстан» (өтірік өлең)	Өлең жолдарының шындыққа жанасатынын, жанаспайтынын жайлы әңгімелету.	1 сағат
10	«Аңқау ешкі» (ертегі)	Ешкінің мінез-құлқы жайлы түсіндіру, ертегі желісінің мазмұнын түсінуге ықпал ету.	1 сағат
11	Санамақ (апта күндері)	Санамақ арқылы апта күндерінің ретін жаттату, дыбыстарды таза, ашық айтуға ынталандыру.	1 сағат
12	Аңдардың төлдері	Жабайы жануарлардың төлдерін атауға, олардың үй жануарларынан ерекшеліктерін білуге үйрету.	1 сағат
13	Санамақ (саусақ санау)	Саусақ арқылы санамақ жаттауға, тілдік икорын байытуға	1 сағат

		дағдыландыру.	
14	Р мен Л (такпак)	Көп жағдайда тілі келмейтін балалар үшін осы екі әріптің дұрыс айтылуын реттеу мақсатында шағын тіл ұстарту жаттығуларын айтқызу.	1 сағат
15	«Мақтаншақ қарға» (мысал)	Мысал арқылы қарғаның қимылын, мінез-құлқын өз бетімен әңгімелеуге танындыру.	1 сағат
16	Жыл менгілдері (такпактар)	Жыл менгілдерінің ерекшеліктері жайлы түсініктерін молайту, өлең жолдарын жаттап, мәнерлеп айтуға ықпал ету.	1 сағат
17	«Біздің сынып» (такпак)	Балаға өз сыныбы деген түсінігін такпак арқылы ашу, сөздегі дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.	1 сағат
18	«Абайлап жүр, балақай!» (такпак)	Жол ережелерін нақтылауға, өлең арқылы жол бойындағы қозғалыстың бағытын терең түсінуге шақыру.	1 сағат
19	Үй жануарларының төлдері (такпак)	Үй жануарларының төлдерін дұрыс атауға үйрету, мәнерлеп, анық айтуын қадағалау.	1 сағат
20	«Алма мен қызанақ» (ертегі)	Ертегі желісін дұрыс түсінуге ықпал ету, алма мен қызанақтың ерекшелігін әңгімелету.	1 сағат
21	«Алғашқы ұстазға» (такпак)	Баланың ұстазға деген құрметін ояту, такпакты жатқа айтуға үйрету.	1 сағат
22	«Кім болам?» (диалогты өлең)	Диалогты өлең арқылы баланың бір-бірімен байланыса сөйлесе білуін үйрету, өз ойларын ашық жеткізуге ықпал жасау.	1 сағат
23	«Арыстан мен түлкі» (ертегі)	Аңдар жайлы ертегіні толық түсінуге қадағалау, арыстан мен түлкі жайлы ойларын айтқызу.	1 сағат 15.03
24	«Жалқаубек» (шағын қойылым)	Шағын қойылым арқылы баланың оқуға деген ынтасын арттыру, Жалқаубектің іс-әрекетін қайталамауға шақыру.	1 сағат
25	«Қасқыр мен түлкі» (ертегі)	Жобай-ы жануарлар жайлы ертегіні қайталап әңгімелеп беруге үйрету, қасқыр мен түлкінің ерекшеліктерін айтқызу.	1 сағат
26	Өгірік өлеңдер	Балаға өгірік өлеңдерді үйрету арқылы эмоциялық көңіл-күй сыйлау, жаттап алуына ықпал ету.	1 сағат
27	«Мақтанышым-Астанам» (такпак)	Әр баланы патриоттық тұрғыда тәрбиелеу, өз еліне деген сүйіспеншілігін арттыру.	1 сағат
28	«Кім күшті?» (ертегі)	Ертегінің мазмұнын түсінуге дағдыландыру, ертегі жөнінде	1 сағат

		сұраққа дұрыс жауап беруін қадағалау.	
29	Н мен Ң (әріпке арналған тіл ұстарту)	Н мен Ң дыбыстарын дұрыс ажырата білуге, анық айтуын қадағалау.	1 сағат
30	Аң, құс қалай дыбыстайды? (дыбыстарына байланысты тақпақ)	Олең жолдары арқылы ненің қалай дыбыстайтынын үйрету, дыбыстарын салуға үйрету.	1 сағат
31	«Домбыра» (тақпақ)	Домбыраның ұлттық аспап екенін, ұлттық құндылық екендігін түсіндіру, олеңді жатқа айтуға үйрету.	1 сағат
32	«Кене мен күшік» (мысал)	Мысал желісін толық түсінуін қадағалау, өз бетінше әңгімелеп беруге дағдыландыру, сөздік қорын молайту.	1 сағат
33	«Тек» (диалогты тақпақ)	Диалогты тақпақ арқылы тек ұғымын түсіндіру, анық ашық айтуын қадағалау.	1 сағат

ҚҰРБАҚА

Нілге келіп құрбақа

«Түр!» деп айғай салыпты.

Қорқып кеткен пілміз,

Есінен танып қалыпты. (Төлекова.Л)

ТЫШҚАН

Араға келіп тышқаның,

Бал беруін сұрапты.

Тыңдамаған араның,

Құлағынан бұрапты. (Төлекова.Л)

Әжейге көмек (ертегі-өлең)

Баяғы өткен заманда
Бір әжеміз болынты,
Дымбілмес деген немересі,
Осіп-өніп толынты,
Ел аралап әжесі
Сендердей әсем балаларға
Бір күні келін жолықты,
Қасындағы мысығы
Әжесінің жіптерін
Иірімін таркатқан,
Әжей содап торықты,
Енді міне сендерден,
Көмек сұрай келіпті,
Көмектескен балаға
Әжеміздің қалтасында
Түрлі кәмпіт болынты,
Әжесінің мысығынан,
Дымбілмес неге қорықты?
Ал,балалар әжемізге көмектесіп,
Аяқтайық жорықты.

(Толекова.Л)

АСТАНА

Елорда еліміздің бае қаласы,
Қалалардың ішіндегі жас қаласы,
Жылдан жылға көркейіп жаңаратын,
Жасай бер еліміздің Астанасы!
Жаңарсын,көркейе берсін жас қаламыз,
Көбейе берсін жап-жаңа бағтамамыз,
Жастарды көтермелеп,бағыт беіп,
Жасай берсін мәңгілік Астанамыз!

(Толекова.Л)

ЕСІК (ертегі-өлең)

Бағым өткен заманда
Бір есік өмір сүріпті.
Они түрікен адамға
Айқары ашылып күйіпті.
Жаксы-жаман таңдамай,
Ашылып әр күн жүріпті.
Түн ортасы бөлсе де,
Салмаған екен құлапты.
Жұрттың қамын ойлаған,
Таңертең ерте тұрыпты.
Көріп жүрген жаксылар,
Қайырымдылығын біліпті.
Бір күн келіп жамандық,
Салыпты әбден бүлікті.
Темікпен әбден есікті,
Бұйырын біраз ажыратты.
Ауырып қалған есікке,
Балға досы кірікті.
Жаңдайып көріп досының,
Шегеменен бірікті.
Жарақатып есіктің,
Екеуі бірге тігіпті.
Достарының жаксылығын,
Есік бөлсе көріпті.
Жаксы менен жаманды,
Содан кейін біліпті.

(Төлекова.Д)

Президент болсам егерде...

Президент болсам егерде,
Бар халқыммен бір болам!
Адалдық үшін күресіп,
Шынтық үшін нұр болам!
Ақын ардың мақтап айтар,
Өңдеріне жыр болам!
Бәрінен де маңыздысы,
Өз әжемнің қуанышы.
Шуағын төккен нұр болам!
Анашымның сүйеніші.
Көгіңдегі күн болам!
Бәрінен де жақсысы,
Отбасының туын ұстар,
Әкеме үкесар ұл болам!

(Төлекова.Л)

АНАҒА

Ананың бар аялы алақаны,
Жыту алар сәбні, балапаны,
Мейіріммен қараған жанарымен,
Жылуын бар әлемге таратады.

(Төлекова.Л)

ЕСЕК (өтірік өлең)

Есек мініп тышқанға,
Айға ұшып барынты,
Айға сәлем берем деп,
Қалпағы түсін қалыпты.

(Төлекова.Л)

АРЫСТАН (өтірік өлең)

Аң патшасы арыстан,
Үлкен үйшік сыйынты,
Барлық аңдар сыйғанда,
Тышқан сыймай қалынты.

(Төлекова.Л)

АНҚАУ ЕШКІ (ертегі)

Ерте заманда бір анзалдаған арам ойы жоқ бір ешкі өмір сүріпті. Бірде отар қойлармен, басқада ешкілермен бірге бұл ешкіде жайылымға шығыпты. Шөп жеп жүре беріп, жүре беріп басқаларынан адасып қалыпты. Маңырап достарын іздеп анда-мында секіріп жүре беріпті. Содан алдынан сумандап айлакер түлкі шығыпты. «-Әй, анқау ешкі, кімді ізделің? Достарың менің үйшігімнің жанында жүр, ертіп апарайын.», -деп алдап өз үйшігіне қарай жол бастапты. Ойында ештеңе жоқ ешкі маңырап ере беріпті. Ал түлкі болса өз ісіне дән риза болыпты. Үйшігінің маңына барса қойда, басқада ешкілерде жоқ болыпты. Өзінің алданғанын біліп ешкі бар дауысымен маңырыпты. Сол кезде үйдегі досы Ақтабан жүгіріп келіпті. Итті көрген түлкі алды-артына қарамастан зытыпты. Ақтабан ешкі досына түлкіге сенбеуін тапсырды. Ал ешкі досына алғысын айтыпты.

САНАМАҚ (анта күндері)

Ал, көнекей, санайық.

Балаларын антаның.

Орындарын табайық.

Сенде босқа жатпағын.

Ең үлкені-Дүйсенбі.

Барлығының басшысы.

Одан кейін Сейсенбі.

Дүйсенбіден жас кіші.

Үшіншісі-Сәрсенбі.

Ішіндегі елгісі.

Бел ортада Бейсенбі.

Балалардың нақ күші.

Жұма-ұлдың ұлысы.

Бар мұсылман сыйыған.

Сенбі бөлек ұлы ісі.

Бойына күш жаныған.

Кенже туған баласы.

Жексенбі той жігерлі.

Қанша бала санашы.

Атауларын біл енді. («Ақ кептер» жинағынан. Т.Таймасұлы)

АҢДАРДЫҢ ТӨЛДЕРІ

Ал-бақатар, бақатар,
Аңдардың біз төлдерін.
Еске сақтап, жаттап ал,
Барма естіп, көрсетіп?
Арыстаннан бастаса-
Абыл екен тісі ірі,
Шөңкігі де білін ал,
Жолбарыстан күшігі,
Алан-толі барыстан,
Құлағыңды көр түріп,
Өрі қарай танысқын,
Қасқыр іні-бөттірік.

(Т.Таймасұлы)

САНАМАҚ (саусақ санау)

Басбармағым-бақаным,
Бас мұрасы атаның!
Сұқ саусағым-керегем,
Шанырақты демеген!
Ортан саусақ-шанырақ,
Кен жайылан тамыран,
Аты жоғы-түндігім,
Түсіретін күн нұран!
Ең соңысын сұрасаң,
Ұзақ болсын шынаппақ.

(Т.Таймасұлы)

Р мен Л (Гіл ұстарту)

Оқы, үйрен, біл,

Санның басы – бір,

Кінкентаймыз әлі,

Жаттығамыз әрі,

Жылы үйде қал,

Далада суық, қар,

Өлемі екен тал,

Оскен жері тар,

Еңбек бәрі-бұт,

Көңілді сөзін бұр! (Т.Таймасұлы)

«Мақтаншақ қарға» (мысал)

Қарға байғұс қаркылдап,

Жинап құстың төресін,

Өнеш созып баркылдап,

Биік қойды төбесін,

-Мықтымын! – деп бүркіттен,

Құзға ұя салатын,

Айналасын үркіткен

Күр сабаққа қанатын,

Содан көкке самғады,

Шүйілмекке төменге,

Бедгілі той қалғаны,

Не болғаны төменде... («Гіл-тамыр» баспасынан)

ЖЫЛ МЕЗГІЛДЕРІ (такмақ)

Қыс

Аят салды өрнегін.

Терезенің көңіне.

Бұндай өрнек көрмедім.

Шебер екен өңіде.

Күз

Күз келіп айнала.

Сарыға боялған.

Үйқыға кетеді.

Тіршілік оянған.

Көктем

Балауса көкпеңбек.

Көктем бұл шырайлы.

Күн шуақ көктем кеп.

Тәккені ұнайды.

Жаз

Жаз келді жадырап.

Сыйаймыз, шомылып.

Жүгіріп, жадырап.

Өсеміз талызып. (Е.Өтетілеуов)

БІЗДІҢ СЫНЫП (такмақ)

Біздің сынып әдепті.

Бәріне көмек береді.

Біздің сынып әрқашан.

Жетістікке жетеді.

Біздің сынып қашанда.

Алаңқы боп жүреді.

Ұстаздардан барығы.

Бізді мақтан етеді. («Ақ кентер» басшылығынан)

АБАЙЛАП ЖҮР, БАЛАҚАЙ!

Бағдаршамға қарап ал,
Абайлап жүр, балақай!
Ережені білмей қап,
Қаны қатма сақтапбай
Бағдаршамның жасылы,
Көрсетеді жүруді.
Бағдаршамның сарысы,
Көрсетер тәртіп сақтауды.
Бағдаршамның жазылы,
Көрсетеді тоқтауды.
Әй балақай, балақай,
Бағдаршамды біліп жүр,
Ережені ұмытпай,
Көшелерде түзу жүр! (Т.Таймасұлы)

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ТӨЛДЕРІ

Құлыншақ
Құлыншақ, құлыншақ, құлыншақ,
Тейтек емес, ұрыншақ,
Құлыншақпен ойнаймыз,
Ойнаймыз біз қуыршақ.
Мысық
Мынау тұрған мысық,
Екі көзі қызыл,
Үшбұрыш отыр маужырап,
Сүт көжесін ішіп.
Лақ
Мынау тұрған лақ,
Салпаңдаған құлақ
Су ішетін жері,
Сылдырлаған бұлақ.
Бұзау
Мынау тұрған бұзау,
Алдында тұр ожау
Ұнататын тамағы,
Шекер емес, тұз-ау. (Ө.Нұрғалиев)

АЛМА МЕН ҚЫЗАНАҚ (әңгіме)

Бір аулада алма мен қызанақ бірге тұранты. Алма сап-сары, әдемі болыпты. Әрине алма жоғарыда, яғни талда өмір сүріпті. Ал қызанақ сіра жерде өмір сүреді ғой. Бір күні іші пысқан алма мақтанып, қызанаққа тиісіпті. –Ой, қызанақ, сен жерде өссесің, әркім келіп сені он-оңай жұлып алады, ал мен болсам жоғарыдамын, ешкім тиісе алмайды, -депті. Қызанақ алмаға жауап қата қоймапты. Ашуы келген алма не істерін білмей, былай шайқалып, олай шайқалып тұрғанда жердегі тасқа құлапты. Сонда қызанақ былай депті: –Ой, алма досым, жерде бол, көкте бол, екеумізде адам денсаулығына қажетті дәруменбіз. Құр мақтағанша әбден өсіп, пісіп тұрмайсың ба?-депті. Ұялған сап-сары алма әп-сәтте қызарып кетіпті. Содан бері қызыл алмаларда көбейіп өскен екен..

АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗҒА (тақпақ)

Алғаш кітап ұсынып, дәріптеген,
Таныстырған тұңғыш бізді әліппемен.
Ата, әже, әке, шеше сөздерінде,
Жазғытқан ең алғашқы әріптермен.
Жақсы оқымақ есейеді ой-жүйеміз,
Жас ұрпақпыз, елімізді сүйеміз!
Жан-жақты білім берің, оқытатын,
Ұстаздарға қашанда бас неміз! (Толекова.Л)

КІМ БОЛАМ ? (диалогты өлең)

-Қай елдіксің, Аяғ?
-Қазақ етін, қызыл!
-Ұлтымыз кім, айтшы?
-Әрине ол Қазақ!
-Кім болдың өскенде?
-Еңбеккер болам төккен тер.
-Өңіңге ұқсаған.
-Ұстаз болу арманым.
-Әрине, жасым жеткенде! (Толекова.Л)

АРЫСТАН МЕН ТҮЛКІ (ертегі)

Арыстан қартайды. Аңдарды бұрынғысындай аулай алмайтын болды. Енді аңдарды айтамен аулағысы келді. Өзі үнсіз жатты да:

-Аурумын, жүруге әлім жоқ,-деп барып аңдарға хабар таратты. Аңдар бір-бірлеп арыстанның халін білуге келеді. Арыстан аңдардың біреуінде қайтармайды. Бәрі арыстанға жем болады. Бір күні түлкі келеді. Ол үнсізден алыстау тұрып:

-Халіңіз қалай, тақсыр?-деп сұрады.

-Халім нашар, неге жақынырақ келмейсің?- дейді арыстан.

-Саған барар едім, барған із бар, қайтқан із жоқ!-деп кетіп қалыпты.

ЖАЛҚАУБЕК (шағын қойылым)

Классқа тәрбиені кіреді де, балаларды түгендейді.

-Кім жоқ бүгін сабақта? Балалар жамырап:

-Жалқаубек жоқ! Жалқаубек жоқ!-дейді.

Осы кезде алқам-салқам боп Жалқаубек кіреді есіктен:

-Апай мен келдім!-дейді.

-Жалқаубек ақшыммен амандастаймыз ба?-дейді апай.

-Ой, апай, кеше амандастым ғой,-дейді.

-Күнде амандасу керек Жалқаубек, отыр орныңа!-дейді.

Орнына отырғаны сол екен Жалқаубек сомкесінен нанын шығарып жей бастайды. Балалар ду күледі. Сол кезде тәрбиені:

-Сабақта дайынсың ба, Жалқаубек?

-Кеше қандай әрін үйрендік, айтшы?

-Белін сығаш үшбұрыш сияқты әріппен,-дейді Жалқаубек.

-Балалар, Жалқаубек қай әріпті айтып тұр?

-А әріпін айтып тұр апай,-деп шу ете қалады.

Тәрбиені Жалқаубектің қасына барып, сомкесін қараса іші толған нан екен.

-Жалқаубектің портфелі

Үлкен екен, нән екен.

Іші толған бірақта.

Шекер менен нән екен,-дейді. Ұялып қалған Жалқаубек бәрінен кешірім сұрайды.

ҚАСҚЫР МЕН ТҮЛКІ (ертегі)

Қасқыр мен түлкі келе жатып бір жартастың үстіне шығалы, қасқыр бір қойды жеп алған, ал түлкі бөлек аш. Түлкі біраз ойланып тұрып, ішін тартады. Қасқыр:

-Түлкім-ау, ішінді неге тартасың?-дейді. Түлкі:

-Бір нәрсеге таң қалып тұрмын, бұл жартасқа екі рет келдім. Сенің әкенің ерлігіне сүйеніп тұрмын, осы жартастан бағыда әкең секіріп ерлік жасап еді,-дейді. Қасқыр «онда менде секіріп әкем құсап ерлік жасайын» деп секіріп кетеді. Түлкі өз ісіне мәз болып, жартастан секіріп, белін сындырып, құлап жатқан досына қарап:

-Сенің әкең де осылай мақтан, мақтан алдап құлатқан едім, сенде әкең сияқты ақымақ екенің досым,-депті.

ӨТІРК ӨЛЕІДЕР

Алғырлығын байқатты,

Маймылдыда оқыттым.

Шұлық пенеп байпақты,

Өрмекшіге тоқыттым.

Секіретін жарысқа,

Қостым баптап бүргені.

Биіктіде алысты.

Алып шықты жүлдені. (Балаларға арналған тақпақтар топтамасынан)

МАҚТАНЫШЫМ-АСТАНАМ!

Болашаққа бастаған,

Шарықтайды асқақ ән,

Елордасы Отанның,

Мақтанышым-Астанам!

Астанымсыз Астана.

Қазақстан қалшам,

Ең бірінші елорда,

Мақтанышым-Астана! (Әлебиет порталы)

КІМ КҮШТІ ?

Ерте де қырауыл келіп, мұз үстіне сырғанап келіп:

-Мұз,мұз, сен неден күштісің?

-Мен күшті болсам бүйірімді жаңбыр теспес еді,-дейді.

-Жаңбыр,жаңбыр,сен неден күштісің?

-Мен күшті болсам мені жер жұтпас еді ,-дейді.

-Жер,жер, сен неден күштісің?

-Мен күшті болсам бауырымды көк шөп жаппас еді.

-Көк шөп, сен неден күштісің?

-Мен күшті болсам тоқты мойнымнан жұдмас еді.

Сөйтіп келе жатып тышқанға кездеседі,

-Тышқан,сен неден күштісің?

-Мен күшті болсам,құмырекаға ің салдырмас едім.

-Құмырека, сен неден күшті болдың?

-Алты батпан ауырды арқалаған күштімін,жеті батпан ауырды желкелеген күштімін,-
депті.

Н мен Ң (тіл ұстарту)

«Н» деген-басқа әріп.

«Ң» да бар басқалық.

Қатені байқайық.

Дұрыстап айтайық.

Ал,қане, бағтайық.

Абдырап, саспайық.

Ын-ын-ын-ын

Ың-ың-ың-ың

Сен-сен-сен

Сең-сең-сең

Мен-мен-мен

Мен-мен-мең (Г.Гаймәсұлы)

АҢ, КҮС ҚАЛАЙ ДЫБЫСТАЙДЫ?

Қораз таңда шақырып,
Торай мен арқар маңырап,
Ал арыстан ақырып,
Есек, қиып аңырап,
Бөдене, кептер пырылдап,
Жаналақ, үйрек барқылдар,
Бөзторғайда шырылдап,
Қарға, құмын қарқылдар,
Шіңкілдек күс шіңкілден,
Қорқау қасқыр қорқылдар,
Күркеңауық күркілден,
Домбыра шаңқа қорсылдар. (Е.Отетілеуов)

ДОМБЫРА

Бабаның күйі бар,
Қос ішек үнінде,
Сазына сыйынар,
Өткенде, бүгінде,
Қазақтың сазы бар,
Шанақта сақталған,
Тарихтың лағы бар,
Күйінде ақтарған,
Домбыра-қазақ бұл,
Ал қазақ-домбыра!
Киесі гажап бұл,
Қазына,мөл мұра! (Т.Таймасұлы)

КЕНЕ МЕН КҮШІК (мысал)

Балам деп таскене, дос мықты,
Күшікке қолкасын салыпты,
Қабылдап күшікте достықты,
Таскене жабысып алыпты,
Бауыры күшіктің ұнады,
Синаған күн сайын адам да
Үйшікте тұрақтап тұрады,
Ауысты содан соң амалға,
Болған соң сенімді қонағы,
Ойыда орнықты кененін,
Күшіктің қанын ол сорады,
Асықпай орындан дегенін,
Амал дос-өмірдің қысқасы,
Пайданың жолына құрылған,
Адал дос-өмірдің нұсқасы,
Бұзылмас жаралған ұғымнан! (Т.Таймасұлы)

ТЕК

-Баба кім?
-Түн ата баласы!
-Ата кім?
-Бабаның баласы!
-Әке кім?
-Атаның баласы!
-Бала кім?
-Әкенің баласы!
-Немере?
-Баланың баласы!
-Шөбере?
-Немере баласы!
-Шөпшек кім?
-Шөбере баласы!
-Немене?
-Шөпшектің баласы!
-Туажат?
-Шөпшектің баласы!
-Бәріне ортақ күн,
Шаңырақ баласы,
Тегіңе жол тапқан,
Қазақтың баласы! (Е.Өтетілеуов)